




**Мақтан тұтатын
Қазақстаннан шыққан
Ұлы Отан соғысының
батырлары**





Талғат Бигелдинов
(1922-2014)

Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов 1922ж., Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Майбалық ауылында туған. Ол Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. 1942 жылы майданға аттанады. Осы өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып катысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. 23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағына иеленді.



Бауыржан Момышұлы **1910— 1982ж.**

Бауыржан Момышұлы 1910 ж., Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Ол қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы, Ұлы Отан соғысында даңқы шыққан стратег және тактик, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты.




Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұлова 1925— 1944ж.

Әлия Молдағұлова 1925 ж., Ақтөбе облысы, Кобда ауданының Бұлақ аулында дүниеге келген. 1943 ж. Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған. Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новоскольникови ауданында қаза тапты. Әлия Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.



Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметова **1922— 1943ж.**

Мәншүк Мәметова 1922 ж., Орал облысы, Бөкей Ордасы ауданында туған. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мәншүк Алматы медициналық институтында оқып жүрді. 1942 ж. тамызда ол өз еркімен Кызыл Армия қатарына алынып, 21-ші атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа катысты. Аға сержант пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты.



Мәлік Ғабдуллин
(1915—1973)

Мәлік Ғабдуллин 1915ж., Көкшетау облысы, Зеренді ауданында туған. 1941- 1946 жылдары Кеңес әскерінің генерал И.Панфилов бастаған даңқты 8-гвардия дивизиясы сапында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Ғабдуллиннің Ұлы Отан соғысындағы ерлік даңқы бүкіл одаққа әйгілі. Ол қазақ жазушысы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы профессор, Кеңес Одағының Батыры.



**Жеңіс, жеңіс естіледі жалынды,
Жеңіс, жеңіс қоңыраулар қағылды.
Күн парактар қып - қызыл боп ашылды.
Жеңіс келген тоғызыншы мамырды.**


**Домбырада саусақтары жаралы,
Жеңіс, жеңіс атам әнге салады.
Шаршағанда аңсағанда жас шағым,
Жеңіс деген сөзден ләззат алады**

**Ағайлардан, апайлардан, інімнен,
Жеңіс сөзін көп естідім мен бүгін.
Сәл күбірлеп жеңіс, жеңіс деп едім,
Жазылғандай әжем белі бүгілген**





Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов және тағы басқа көптеген батырларымызды мақтан тұтамыз. Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі.





Астана – Даңк мемориалы